

MyJobConnect пайдаланудың жалпы Қосымша шарттары

(бұдан әрі «Пайдаланудың қосымша шарттары»)

I. Қолдану саласы

1. MyJobConnect өнімі John Deere компаниясының әртүрлі өнімдерінің үйлесімі болып табылады, оларды әрбір нақты жағдайда пайдалану өзіндік белгі шарттардың негізінде және оларға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл әртүрлі шарттардың көлемі мен мазмұны, сондай-ақ олардың кезектілігі төменде сипатталған. Сонымен бірге MyJobConnect Пайдаланудың қосымша шарттары келісілген болып табылады.
2. John Deere GmbH & Co KG компаниясы (бұдан әрі «**John Deere компаниясы**») ұсынатын MyJobConnect шешімін (MyJobConnect Solution) бұл пайдалану келесі шарттармен реттеледі:

- a) MyJohnDeere.com үшін жалпы **MyJohnDeere пайдалану шарттары** (мына сайтта қолжетімді:

http://www.deere.com/privacy_and_data/agreements/myjohndeere/terms_and_conditions.page)

«MyJohnDeere пайдалану шарттары» тұтас алғанда Сіздің MyJohnDeere веб-сайтына, MyJohnDeere басқару орталығына (<https://myjohndeere.deere.com>) (яғни активтерді және жоспарлы тапсырыстарды басқару үшін MyJohnDeere-де Сіздің қарамағыңызда тұрған тиісті пайдаланушы интерфейсі) және «MyJohnDeere.com» басқа қызметтеріне, сондай-ақ John Deere компаниясының басқа веб-сайттарына және мобильді қосымшаларына қол жеткізу және пайдалану мүмкіндігіңізді реттейді. «MyJohnDeere пайдалану шарттарындағы» бұл ережелер осы «Пайдаланудың қосымша шарттарында» өзгесі көзделмеген жағдайларда «MyJobConnect шешімі» (MyJobConnect Solution) қосымшасына қатысты да қолданылады (бұл Пайдалану шарттарының 4.Е Бөліміне қараңыз).

- b) MyJobsManager және MyJobs Қосымшаларының **Түпкілікті пайдаланушылары үшін лицензиялық келісімдер** («Пайдалану шарттарының» тиісті қосымшасында қолжетімді).

«Түпкілікті пайдаланушылары үшін лицензиялық келісімдер» әртүрлі қосымшалар дүкендерінен жүктеп алуға болатын жекелеген «MyJobsManager» және «MyJobs» қосымшаларын (бұдан әрі «**Қосымшалар**» деп аталады) пайдалануды реттейді (осы Пайдаланудың қосымша шарттарында арнайы ескертілген жағдайларды қоспағанда). MyJohnDeere басқару орталығы мен Қосымшалар арасындағы деректерді берудің шығыстарға бейім жандануы, және олармен байланысты жекелеген функционалдық мүмкіндіктер мен MyJobConnect сервистік қызметтері «Түпкілікті пайдаланушылары үшін лицензиялық келісім» есебінен өтелмейді. Осыған байланысты шарттардағы ережелер I бөлімде 1. a), c) және d) тармағын қолданумен неғұрлым толық сипатталады.

- c) Осы «**MyJobConnect Пайдаланудың қосымша шарттары**»

Бұл «Пайдаланудың қосымша шарттары» жалпы ережелер мен шарттардың MyJobConnect шешімінің (MyJobConnectSolution) қандай бөліктерге таралатынын реттейді және бұл қатынаста кейбір қосымша ережелер мен шарттарды қамтиды.

MyJohnDeere басқару орталығы мен Қосымшалардың арасында деректер беруді активтендіру үшін тапсырыс беру: MyJohnDeere басқару орталығы мен Қосымшалардың арасында деректер беруді жандандыру («**Backend Connectivity**» (бағдарламаның серверлік бөлігінде қосылу және өзара әрекеттесу мүмкіндігі) деп аталады) шығындарда әкеп соғады және John Deere компаниясы түпкілікті пайдаланушының заңдық міндеттеуші тапсырысын John Deere компаниясының уәкілетті әріптес – дистрибьюторлары арқылы алғаннан кейін («**Тапсырыс**») John Deere компаниясы жүзеге асырады. Тапсырыста MyJobConnect Solution пайдаланудың қосымша ережелері мен шарттары, атап айтқанда жандандырудың / пайдаланудың күшінде болу кезеңі, жандандырылуы тиіс түпкілікті пайдаланушылар үшін лицензиялардың саны, сондай-ақ лицензия үшін төленуі тиіс өтемақы белгіленеді.

II. MyJobConnect шешімінің (MyJobConnect Solution) объектісі

MyJobConnect қызметтері авторлық құқықпен қорғалатын веб-технологиялардың және мобильді құрылғылардың негізінде шешімді қамтиды, ол мыналардан тұрады (бұдан әрі «**MyJobConnect шешімі**»):

1. **Қосымшалар:** MyJobsManager және MyJobs Қосымшалары олардың функционалдық мүмкіндіктерімен қатар тегін беріледі.
2. **Backend-Connectivity** (бағдарламаның серверлік бөлігінде қосылу және өзара әрекеттесу мүмкіндігі): MyJohnDeere басқару орталығы мен MyJobConnect Қосымшалары арасында деректер беруді жандандыру, сондай-ақ «Тапсырыс» аясында неғұрлым толық сипатталған, шығын келтіретін навигациялық деректер базасы (және онымен байланысты қосымша функционалдық мүмкіндіктер), атап айтқанда:

Бұл жандандыру MyJohnDeere.com басқару орталығы мен «MyJobsManager» және «MyJobs» Қосымшалары арасында тапсырмалардың келесі мән-жайларын синхрондауды және қайта жолдауларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- тапсырманың тұрпаты (мыслы, тұқым егу, астық жинау, жер жырту және т.б.)
- тапсырманың мән-жайлары (мысалы, таңдалған операциялар, өлшем бірліктерінің жүйесі және т.б.)
- егістік және егістік шекарасы
- егістік атауы
- егу тұрпаты
- тағайындалған жүргізуші (-лер)
- белгіленген техникалық құралдар
- белгіленген ауыл шаруашылығының техникалық құралдары
- басқа қажетті материалдар
- тапсырылған күні
- жұмыстық есеп, соның ішінде таңдалған сұрақтар және биллинг пен тапсырмаларды орындау үшін басқа ескертпелер, сондай-ақ биллинг пен тапсырмаларға қатысты жіберілген жауаптар.

III. Пайдалану құқығы және өтемақы

1. MyJobConnect шешімінің жекелеген құрауыштарын пайдалану құқығы келесі ережелермен реттеледі:
 - а) Қосымшалардың тиісті дүкендерінен тегін жүктеп алуға болатын жекелеген Қосымшаларды пайдалану тиісті «Түпкілікті пайдаланушылар үшін лицензиялық келісіммен» реттеледі (жоғарыдағы I. Бөліміне қараңыз).

- b) Барлық басқа қызметтерді / контентті пайдалану MyJohnDeere.com-дағы «жалпы ережелермен және шарттармен» (жоғарыдағы I. Бөліміне қараңыз), сондай-ақ осы «MyJobConnect Пайдаланудың қосымша шарттарымен» реттеледі.
2. Тиісті өтемақы MyJohnDeere басқару орталығы мен MyJobConnect Қосымшаларының арасында деректер беруді жандандыру үшін нақты Тапсырыста неғұрлым толық салыстырылады, және түпкілікті пайдаланушы үшін тапсырыс берілген лицензиялардың санымен анықталады.

IV. Қосымшаларды пайдалануға қатысты міндеттемелер мен кепілдіктер бойынша шектеулер туралы арнайы ережелер

Сіз MyJobConnect шеңберінде шығындарға алып келген қызметтерді жандандырған және бұл Пайдаланудың қосымша шарттарын қабылдаған жағдайда, «MyJobsManager» және «MyJobs» Қосымшалары үшін «Түпкілікті пайдаланушылар үшін лицензиялық келісімдегі» 7-бөлім («Кепілдік бойынша шектеу») және 8-бөлім («Жауапкершілікті шектеу шектеу») келесі ережелермен ауыстырылады:

1. Кепілдіктер

- Заңнамамен көзделген кепілдік туралы ережелер қолданылады.
- Пайдаланушы John Deere компаниясын Қосымшалардың ақаулары туралы осы ақаулар табылғаннан кейін дереу ақталмаған шығындарсыз жазбаша түрде хабарландыруға міндетті. Ақауларға мәні бойынша келетін болсақ, бұл аспект осы ақаудың туындау уақытының сипатын және мұнымен байланысты толық мән-жайларды қамтуы тиіс.

2. Жауапкершілікті шектеулер

- John Deere компаниясы қандай да болсын шектеулерсіз (a) қасақана немесе өрескел ұқыпсыздық бойынша жіберген заңсыз құқық бұзу жағдайында; (b) өмірге, нақты қол сұқпаушылыққа немесе денсаулыққа нұқсан келтіру үшін; c) Шығарылатын өнімнің сапасы үшін жауапкершілік туралы [Produkthaftungsgesetz] Германия Заңының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ (d) John Deere компаниясы қабылдаған кез келген кепілдікке сәйкес жауапкершілікті көтереді.
- Ұқыпсыздық бойынша жіберілген, келісімшарттың мақсаттарына қол жеткізу үшін елеулі мәні бар міндеттемелерді аздаған бұзу жағдайында (бірінші дәрежелі міндеттеме - Kardinalpflicht), John Deere компаниясы міндеттемелерінің мөлшері болжап білуге болатын және әңгіме болып отырған транзакция тұлпаты үшін сипатты болып табылатын залалдармен шектеледі.
- Бұдан әрі John Deere компаниясының ешқандай міндеттемелері жоқ. Атап айтқанда, John Deere компаниясы, егер жоғарыдағы 1 және 2-параграфтарда жазылған алдын ала шарттар орындалмаса, бастапқы ақаулар үшін жауапкершілікті көтермейді. Сонымен қатар, атап айтқанда, John Deere компаниясы пайдалану немесе жүйелік талаптардан ерекшеленетін бағдарламалық немесе техникалық қамтамасыз етудің кез келген құралдарымен енгізілген Қосымшалардағы кез келген өзгерістің нәтижесі болып табылатын нұқсан, соның ішінде жүйелік ортаға және операциялық жүйеге нұқсан үшін жауапкершілікті көтермейді.
- Жоғарыда көрсетілген міндеттемелер бойынша шектеулер сонымен бірге лицензиардың қызметкерлерінің, өкілдерінің және басқарма мүшелерінің жеке жауапкершілігіне таралады.

- Пайдаланушы пайдаланушының деректерін үнемі қайталауы сақтық көшірмелерін және қандай да бір резервтік көшірмелерін дайындауы тиіс. John Deere компаниясы осы Бөлімге сәйкес деректерді кез келген жоғалту үшін жалпы және тұтас жауапкершілікті көтеретін жағдайда, бұл жауапкершілік пайдаланушы тәуекел деңгейіне сәйкес резервтік көшірмелерді үнемі шығарған кезде жұмсайтын осы деректерді жаңғырту шығыстарына алып келеді.

3. Жауапкершілік туралы бұдан арғы ақпарат

MyJobConnect пайдаланған кезде пайдаланушы кез келген уақыт сәтінде Германияның Жол қозғалыс туралы Кодексінің [Straßenverkehrsordnung], сондай-ақ барлық басқа қолданылатын заңдардың тиісті қолданылатын шарттарының сақталуы үшін жауапкершілікті көтереді. Бұған MyJobConnect өнімін әрбір пайдаланушының MyJobConnect-пен жаратандырылған кез келген көлік құралын бақылауды сақтап қалатыны және жүргізу уақытында мобильді түпкілікті құрылғыларды пайдаланбайтыны кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді.

V. Деректерді қорғау

John Deere компаниясының деректерін қорғау туралы декларация дербес деректерді өңдеу үшін қолданылады (колжетімді:

http://www.deere.com/privacy_and_data/privacy_and_data_germany.page).

VI. Басқа ережелер

1. John Deere компаниясы осы ережелер мен шарттарға сәйкес John Deere компаниясының міндеттерін орындау үшін үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға құқылы. John Deere компаниясының Қосымша ережелер мен шарттарға сәйкес құқықтар мен міндеттерді үшінші тарапқа беруге құқығы бар. John Deere компаниясының осы Келісімді барлық құқықтарымен және міндеттерімен бірге үшінші тарапқа беруге құқығы бар. John Deere компаниясы бұл жөнінде пайдаланушыға хабарлайды, және осы жағдайда пайдаланушы осы Келісімнің қолданысын тоқтатуға құқығы бар.
2. Егер осы Пайдалану шарттарындағы қандай да болсын ережелер жарамсыз немесе толық емес болып табылса немесе жарамсызға немесе толық емеске айналса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына ықпал етпейді. Тиісті олқылық Тараптардың экономикалық мүдделеріне барынша сәйкес келетін жарамды ережемен толықтырылатын болады.
3. Германия Федеративтік Республикасының Заңы, Біріккен Ұлттар Ұйымының тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы (CISG) 1980 жылғы 11 сәуірдегі Конвенциясын қоспағанда, осы Пайдаланудың қосымша ережелеріне қолданылады.
4. Пайдаланушы Германияның коммерциялық кодексінің [Handelsgesetzbuch] анықтамасы бойынша коммерциялық тарап болып табылатын немесе пайдаланушы шағым беру кезінде Германия Федеративтік Республикасында өзінің тұрақты тұратын жері [Sitz] болмаса, Тараптар осы Келісім бойынша және онымен байланысты барлық даулар үшін ерекше заң құзыры Мангейм қаласында болуымен келіседі.

Мәртебе: 2016 жылғы 28 қазан